


ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Медицина» ғылыми комитеті	59-27а-2026 6 беттің 1 беті	
7М10101 «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша бейінді магистратураға түсу емтиханы		



**7М10101 «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша бейінді
магистратураға түсу емтиханының
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Шымкент, 2026


OÑTÛSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Медицина» ғылыми комитеті	59-27а-2026	
7М10101 «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша бейінді магистратураға түсу емтиханы	6 беттің 2 беті	

Түсу емтиханының бағдарламасы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы негізінде жасалды


Қабылдау емтиханының бағдарламасы «Медицина» жөніндегі ғылыми комитеттің отырысында талқыланды

«08» 04 2026 ж., № хаттама 8

«Медицина»
ғылыми комитетінің төрағасы

 Н.А. Жаркинбекова

«Медицина»
ғылыми комитеттің хатшысы

 К. Мұратұлы

«ОҚМА» АҚ Ғылымдық кеңесімен бекітілген

№ 4 хаттама «09» сәуір 2026 ж.

OÑTÚSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Медицина» ғылыми комитеті	59-27а-2026	
7М10101 «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша бейінді магистратураға түсу емтиханы	6 беттің 3 беті	

Кіріспе

7М10101 «Медицина» білім беру бағдарлама бойынша бейінді магистратураға түсу емтиханының мақсаты ғылым, білім және денсаулық сақтау жүйесінің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін кәсіби және ғылыми құзыреттері мен практикалық және ғылыми қызметте іске асыру дағдылары бар бәсекеге қабілетті, құзыретті ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлау болып табылады.

Денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру жағдайында қазіргі заманғы ғылымның жетістіктері негізінде медициналық ұйымдардың қызметін басқару білімдері мен дағдаларын игеру қажеттілігі туындады, клиникалық тәлімгерлік енгізілуде және дамуда. Жоғары білікті дәрігердің алдына тек кәсіби қасиеттерді меңгерудің ғана емес, сондай-ақ қызметті талдау, мониторинг, бақылау жүргізу, білімді жас мамандар мен білім алушыларға берудің де талаптары қойылады, практиканы, ғылым мен білімді интерграциялау мәселелері өзектендіріледі.

1. Түсу емтиханының мақсаты: Магистратура бағдарламасын меңгеру үшін абитуриенттің теориялық дайындық деңгейі мен практикалық әзірлігін объективті бағалау, сондай-ақ «Медицина» саласында өз бетінше ғылыми-зерттеу және кәсіби қызмет жүргізу әлеуетін анықтау.

2. Түсу емтиханының міндеттері:

- **Медицина ғылымы саласындағы іргелі даярлықты бағалау:** клиникалық эпидемиология, биостатистика және медициналық зерттеулер әдіснамасының негіздері бойынша білім деңгейін тексеру.
- **Ғылыми мәселе мен гипотезаны қалыптастыру дағдыларын бағалау:** абитуриенттің өзекті зерттеу сұрақтарын тұжырымдау және олардың клиникалық әрі ғылыми маңыздылығын негіздеу қабілетін айқындау.
- **Әдіснамалық құзыреттілікті бағалау:** бақылаулық зерттеулер, рандомизацияланған клиникалық зерттеулер (РКЗ), аналитикалық және сипаттамалық әдістерді қоса алғанда, ғылыми зерттеу дизайнын таңдау және негіздеу дағдыларын тексеру.
- **Аналитикалық және интерпретациялық дағдыларды бағалау:** зерттеу нәтижелерін статистикалық көрсеткіштерді қолдана отырып талдау, сондай-ақ алынған деректердің сенімділігі мен дұрыстығын бағалау қабілетін анықтау.
- **Ғылыми ақпаратпен жұмыс істеу және сыни ойлау қабілетін бағалау:** ғылыми жарияланымдардың сапасын бағалау, әдіснамалық қателіктерді анықтау және дәлелділік деңгейін айқындау дағдыларын тексеру.
- **Ғылыми-зерттеу қызметіне және ғылыми этикаға дайындықты бағалау:** ғылыми зерттеулерді дербес жүргізуге дайындық деңгейін, ғылыми адалдық, этикалық нормалар мен академиялық жауапкершілік қағидаттарын сақтау қабілетін айқындау.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Медицина» ғылыми комитеті	59-27а-2026	
7М10101 «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша бейінді магистратураға түсу емтиханы	6 беттің 4 беті	

3. Түсу емтиханына арналған сұрақтар: 7М10101 «Медицина» ББ

1. Қазіргі медицинадағы ғылыми әдістің маңызын негіздеңіз.
2. Медицинадағы ғылыми зерттеуді жүргізудің негізгі кезеңдері қандай?
3. Ғылыми гипотеза мен зерттеу сұрағының айырмашылығы неде?
4. Клиникалық тұрғыдан маңызды зерттеу мәселесі қалай тұжырымдалады?
5. Зерттеу дизайнының ғылыми нәтижелердің сенімділігін қамтамасыз етудегі рөлін түсіндіріңіз.
6. Рандомизацияланған клиникалық зерттеулер, когорттық, жағдай-бақылау және көлденең зерттеулердің негізгі түрлерін салыстырыңыз.
7. Неліктен рандомизацияланған клиникалық зерттеулер «алтын стандарт» болып саналады?
8. Қандай жағдайларда эксперименттік зерттеулер жүргізу мүмкін емес немесе этикалық тұрғыдан рұқсат етілмейді?
9. Зерттеу дизайнын таңдау нәтижелерді интерпретациялауға қалай әсер етеді?
10. Бақылаулық зерттеулер дегеніміз не және олардың медицинадағы рөлі қандай?
11. Медициналық зерттеулер мен клиникалық тәжірибеде статистиканың рөлі қандай?
12. Статистикалық маңыздылық пен клиникалық маңыздылықтың айырмашылығы неде?
13. Жүйелік қате (bias) дегеніміз не және ол зерттеу нәтижелеріне қалай әсер етеді?
14. Сенімділік аралығы (confidence interval) мен p-value қалай интерпретацияланады?
15. Медициналық зерттеулерде дұрыс іріктеудің маңызы неде?
16. Зерттеулерде қолданылатын негізгі іріктеу түрлері қандай?
17. Ғылыми зерттеудің валидтілігі мен сенімділігі қалай қамтамасыз етіледі?
18. Confounding (араласушы факторлар) дегеніміз не және олар қалай ескеріледі?
19. Ғылыми зерттеу нәтижелерін бұрмалайтын қандай факторлар бар?
20. Жүйелі шолу мен дәстүрлі әдеби шолудың айырмашылығы неде?
21. Қазіргі медицинадағы метаанализдің рөлі қандай?
22. Жүйелі шолуға зерттеулерді енгізу кезінде қандай сапа критерийлері ескеріледі?
23. Метаанализ нәтижелерін дұрыс емес интерпретациялаудың қандай қауіптері бар?
24. Медициналық зерттеулердегі этикалық қағидаттардың рөлі қандай?
25. Ғылыми адалдық пен академиялық адалдық дегеніміз не?
26. Магистратураға түсуге итермелеген негізгі мотивтер қандай?
27. Медицина саласындағы сізді қызықтыратын ғылыми бағыттар немесе мәселелер қандай?

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Медицина» ғылыми комитеті	59-27а-2026	
7М10101 «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша бейінді магистратураға түсу емтиханы	6 беттің 5 беті	

28. Зерттеу барысында қандай әдістер мен құралдарды қолдануды жоспарлайсыз?

29. Өз зерттеу нәтижелерін қалай бағалайсыз?

30. Зерттеу нәтижелерін практикалық денсаулық сақтау саласында қалай қолдануға болады?

4. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Холматова К.К., Харькова О.А., Гржибовский А.М. Денсаулық сақтаудағы ғылыми зерттеулердің жіктелуі. – 2016. – №1. – 57–64 б.
2. Холматова К.К., Гржибовский А.М. Медицинада «жағдай-бақылау» зерттеулерін қолдану. – 2016. – №8. – 53–60 б.
3. Гржибовский А.М. Денсаулық сақтау және медицинадағы көлденең (бірсәттік) зерттеулер.
4. Гржибовский А.М. Денсаулық сақтаудағы эксперименттік зерттеулер.
5. Унгурияну Т.Н. және соавт. Жүйелі шолуларды жариялауға дайындау бойынша қысқаша ұсынымдар.
6. Флетчер Р., Флетчер С., Вагнер Э. Дәлелді медицинаның негіздері / жалпы ред. С.Е. Башинский, С.Ю. Варшавский. – М.: Медиа Сфера, 1998. – 352 б.
7. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі №142 бұйрығы «Медико-биологиялық эксперименттерді, доклиникалық (клиникаға дейінгі) және клиникалық зерттеулерді жүргізу қағидаларын, сондай-ақ доклиникалық және клиникалық базаларға қойылатын талаптарды бекіту туралы».
8. Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі №360-VI «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі (қолданыстағы редакция), 26-тарау «Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми қызмет». – URL: <https://online.zakon.kz>
9. Гонашвили А.С. Ғылымметрикалық деректер базалары және олармен жұмыс істеу: ғылыми-әдістемелік құрал. – 2020. – 57 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Kumar R. Зерттеу әдіснамасы: жаңадан бастаушыларға арналған қадамдық нұсқаулық. – 3-басылым. – 2011. – 366 б.
2. Kothari S. R. Зерттеу әдіснамасы: әдістер мен тәсілдер. – 2013. – 401 б.
3. Аканов А.А., Койков В.В. және соавт. Медицина саласындағы ғылыми зерттеулерді жүргізу негіздері: әдістемелік ұсынымдар. – Астана: РЦРЗ, 2018. – 36 б.